

ОӘЖ 101.9

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТІЛІ

**Бахытжан Исмагулов**

[bakhytzanismagulov316@mail.ru](mailto:bakhytzanismagulov316@mail.ru)

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика»  
мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Р. Кемербай

Рухани жаңғыру – қоғамның алға дамуы, салт-дәстүрдің ұмыт қалмауы, елдің жердің қазақ халқының тарихын естен шығармауы, соның ішінде қазіргі таңда өзекті болып жүрген мәселелердің бірі ол әрине тіл мәселесі. Ұлттық жаңғыру дегеніміз - ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты - ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу.

Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарих тәжірибемен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», -дейді Нұрсұлтан Назарбаев [1].

Енді тіл мәселесіне келетін болсақ , тіл ол қазақ халқының өткен тарихының, салт-дәстүр, мәдениетінің айқынды бейнесі десек болады. Менің, жоғарыда айтқаным тек қазақ халқына тән емес, ол бүкіл ел мен жерге байланысты деп ойлаймын. Иә тіл мәселесі қазіргі таңда өзекті болып жүрген проблемалардың бірі десек болады.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бабамыз «Қазақ тілі ғұмыр жүзінде өз бәйгесін алар» дегені рас болса, республика жұртшылығының 67 пайызын құраған қазақ халқының тілі болашаққа бет алары сөзсіз. Тіл – ұлттық сананың ең басты кілті. Ұлттық тілді сақтау үшін сананың ашықтығы айқын болуын да Елбасы мақаласында дұрыс тұжырымдайды: «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін

өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі».

Біз қазақ халқы салт-дәстүрімізді берік ұстанған елміз, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсететін елміз, тіл мен дінімізді айрықша құрметтейтін елміз. Қазақ тілі ол біздің ана тіліміз оны құрметтеу біздің борышымыз. Елбасының стратегиялық құжаттары – Ұлытауда сөйлеген сөзінде, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық кодты сақтау туралы айтылған. Тіл- мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тіл - тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз-тәуелсіздік, егемендіксіз- тіл болмақ емес. Тіл - тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей. Өз тілімізді құрметтей отырып біз, басқа тілді де білудіміз жөн. Бұл біріншіден біздің білімділікті, тіл үйренуге деген құштарлығымызды білдіреді, екіншіден басқа елге деген құрметті, сондай ақ өзімізге деген құрметті білдіреді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес.

Сөздің шыны керек, қазіргі таңда, қоғамда болып жатқан жағдайларға қарасақ өзгерістер өте көп, оның көбі жақсы жаққа бұрылыс оның ішінде жаман жағыда аз емес өкінішке орай. Менің айтқым келіп отырғаным ол қоғамда болып жатқан тіл мәселесі онымен қоймай мәдениет мәселесі. Тілге келетін болсақ көп жастар өз ана тілдерін білмей басқа орыс тілінде сөйлеп жатады. Орысша суылдап тұрып, ал ана тіліне келгенде екі әріптің басын қосалмай жататындар бар. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз, бес саусақ бірдей емес. Әрине басқа тілде сөйлеме деп отырғаным жоқ, білу керек үйрену керек, бірақ өз туған ана тілімізді құрметтеу керек. Дана халқымыз «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің» деп бекер айтпаған. Яғни, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында тіл білудің артықтығы жоқ. Күннен күнге қарыштап жатқан жаңа технологияларды игерудің ең бірінші жолы – тілді меңгеру.

«Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттық тілі, ал орыс тілін білуі – ұлы байлық. Ағылшын тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан біз оны үйренуге тиіспіз. Ал қазақ тілі барлық Қазақстанды біріктіріп, жақындастырып өзара түсіністік пен сүйіспеншілікке жетелейді», - деп Елбасымыз айтып өткендей әлемдік ғылым тілін меңгеру басты қажеттіліктердің бірі болып табылады.

Көп тілді білу – заман талабы. Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» десе, «Қанша тіл білсең – сонша рет сен адамсың», - деп А.П. Чехов бекер айтпаса керек. Тіл білген адам қор болмайды. Ел мен елді, халық пен халықты байланыстыратын көпірдің бірі де осы – тіл. Сол көпірді сақтап қалу үшін бір-бірінің тілін меңгеруі керек. Біз, жастар, болашақ ұрпақ өзге тілді білу арқылы өз тілімізді әлемдік аренаға шығаруымыз керек [2].

Ұлт ақыны Қадыр Мырза Әли: Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп, тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте! – деп жырлағандай ұрпақ сауатты болу үшін алдымен ана тілін жетік меңгеріп, кейін өзге ұлттың тілінде еркін сөйлей білуі тиіс. Ана тілін толық білмейінше, өзге тілді үйрену – опасыздық. Өз анасын сатқанмен тең деп білемін. Себебі, біз ата - анамыздың тәрбиесін ана тілінде алып, салт - дәстүрімізді бойымызға қазақ тілінде сіңіру керекпіз.

Мұхтар Шаханов:

Қай тілде ойлап, қай тілде сөйлеп,

Қай тілмен ақса -

Перзенттік түйсік, өрісің,

Сол тілдің гүлі, сол тілдің қайраткерсің – деп жырлаған. Әрине көп тіл білу, көп құлыптың кілтін тапқанмен бірдей. Өзге тілді де үйренсек, көкжиегіміз кеңейеді [3].

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанымен, қоғамдық өмірдің барлық саласында толыққанды қызмет ете алмай отыр. Оған әр түрлі жағдайлардың себепкер болып отырғаны мәлім.

Тіліміздің қолданыс аясын кеңейту бағытында жүргізіліп жатқан әр түрлі деңгейдегі шаралар сөз жоқ көп ұзамай өз нәтижесін берері даусыз. Бұл бәріміз үшін сын. Оған баршамыз атсалысуымыз керек-ақ.

Мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден- бір құрал. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп те сезіне алмайды.

Рухани жаңғырудың аясында қазақ халқы тіл саласында үлкен жұмыстарды алға қою қажет. Мен айтып кеткендей рухани жаңғыру ол өткен мен бүгінгі халқымыздың тарихын есте сақталуы мен ұмыт қалмауы және елдің алға қадам басуы. Әр қазақстандық азамат өз туған ана тілінде еркін сөйлеу керек, еркін ойын анық нақты жеткізу керек. Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар - өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап.

Адам тіл арқылы ортамен байланысқа түседі. Тіл арқылы адамның танымы қалыптасып отырған. Тіл арқылы ұлттық болмыстың құрылымы адам санасына беріледі. Бір сөзбен айтқанда, ана тілі әрбір адам үшін негізгі қазық, негізгі құндылық, негізгі құрал. Ана тілін рухани қазық дейтініміз, адамды әлеуметтік ортамен, төл болмысымен біріктіріп, ел азаматы ретінде қалыптастыратын ана тілі. Тілді негізгі құрал дейтініміз адам әлеуметтік ортаның болмысы мен табиғатын, дәстүр тәжірибелерін меңгеру арқылы онымен үздіксіз байланыста.

Тіл мен жер қашан да ұлттық құндылықтардың негізі, негізгі белдеуі болып қала берері даусыз. Екеуінің бірі болмаса, елдің тұрақты түрде дамуы мүмкін емес. Ғасырлар бойы ұлттың болмысы, тағдыры үшін күресіп келген ұрпақтың танымы, ой-өрісі тарихтың тәжірибесі негізінде қалыптасып отыруы тиіс.

Қорыта келе, тіл ол адам баласының бір- бірімен байланыс құралы. Ол әр кімге, әр елге қастерлі, құдіретті. Сондықтан біз жастар ата бабамыздан бізге келген тілімізбен салт-дәстүрімізді сақтап келесі ұрпаққа беруіміз қажет бұл міндет, бұл қазақ елі алдындағы борыш десек болады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. <https://abai.kz/post/53239>
2. <https://abai.kz/post/46970>
3. <https://abai.kz/post/14135>